

**Сигнал күшейткішінің техникалық сипаттамасы
(Лот 1)**

Жалпы сипаттама

Жеткізілетін жабдық зауытта өндірілуі тиіс.

Өнім беруші жеткізілген жабдықтың әзірлеумен, пайдаланылған материалдармен немесе дайындау сапасымен байланысты не Қазақстан Республикасы үшін әдеттегі жағдайларда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес осы жабдықты пайдалану кезінде өнім берушінің іс-әрекеті немесе қателіктері нәтижесінде көрінетін ақаулары болмайтындығына кепілдік беруге тиіс.

Өнім беруші жабдықты жеткізуді жүзеге асыру кезінде барлық қажетті лицензиялар мен рұқсаттарды сатып алуға жауапты болады.

Жеткізілетін жабдықтың осы Техникалық Тапсырманың техникалық сипаттамаларына қойылатын талаптарда көрсетілгендей сандық және сапалық көрсеткіштері болуы тиіс.

Жабдық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен өндіруші фирма жеткізетін басқа да құжаттамаларды қамтитын орыс және/немесе қазақ тіліндегі және ағылшын тілдеріндегі құжаттамалар жиынтығымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Жабдықтың конструкциясымен, материалдарымен немесе жұмысымен байланысты не өндіруші көрсеткен пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес түпкілікті тағайындалған ел үшін әдеттегі жағдайларда жеткізілген жабдықты пайдалану кезінде өндірушінің іс-әрекеті немесе олқылығы нәтижесінде көрінетін ақаулары болмауға тиіс.

Жеткізілген жабдыққа кепілдік Жабдықты пайдалануға беру туралы акт ресімделген күннен бастап беріледі және кемінде 12 айды құрайды.

Сигнал күшейткіші келесі техникалық сипаттамаларға ие болуы керек:

Характеристикасы
GSM900, GSM1800(DCS), WCDMA2100 (3G) және LTE (4G) стандарттарында жұмыс істейтін GSM телефондарының сигналдарын бір уақытта күшейтуге мүмкіндік беретін үш диапазонды әмбебап ұялы сигнал күшейткіші.
Ұялы сигнал күшейткіші сигналды күшейту технологиясын қолдана отырып жасалған. Орташа және үлкен өлшемді аудандарда қолдануға арналған, қамту ауданы 600 м2-ден асады.
Қазақстандағы GSM 900, GSM 1800 (DCS), LTE (4G), WCDMA (3G) стандарттарының барлық ұялы байланыс операторларымен жұмыс істеуді қолдайды.
* Қамту ауданы: 600 м2 астам
* Кіріс жиілік диапазоны: 890-915 МГц, 1710-1785 МГц, 1920-1980 МГц
* Шығыс жиілік диапазоны: 935-960 МГц, 1805-1880 МГц, 2110-2170 МГц
* DL қабылдауды күшейту: 65 dB
* UI беруді күшейту: 60 dB
* Қуат: Адаптер 220/110 Вольт 500мвт
* Жұмыс температурасы: -25-тен +55 С дейін
* Ылғалдылық: 5-95%
* Өлшемдері: 420x260x55 мм
* Салмағы: 6.5 кг
* мобильді (жылжымалы)
Жеткізу жиынтығы мыналарды қамтуы керек:
1. Ұялы сигнал күшейткіші
2. 5 м кабелі бар ішкі антенна
3. 10 м кабелі бар сыртқы антенна
4. Нұсқаулық
5. Кепілдік-1 жыл

Басқарма төрағасы – ректор

Шаймарданов Ж.К.

ҒИБЖЦ жөніндегі проректор

Денисова Н. Ф.

Бағдарлама жетекшісі

Шаймарданов Ж.К.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 30 күнтізбелік күн.